

THE UNIVERSITY OF THE SOUTH PACIFIC  
SCHOOL OF DISTANCE EDUCATION  
SUVA, FIJI

*WELCOME TO THE UNIVERSITY OF THE SOUTH PACIFIC*



Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

## ҚОШКЕНІҢ ҰЛЫ – НАРМАНБЕТ

**Б**із жиырма жылдан астам уақыт Еуразия ұлттық университетінде қызмет істейміз. Оқу орнымыздың сауықтыру және тәжірибе өткізу базасы Ақмола облысы Зеренді ауданының орталығында орналасқан. Жылына кемі екі-үш мәрте Көкшетау жолын басып өтеміз. Облыс орталығы іргесінде, барарда – сол жақта, қайтарда – оң жақта менмұндалайтын қабірстанға міндетті түрде дұға бағыштаймыз, «Раббым Алла, өліге – иман, тіріге береке бер!» – деп бет сипаймыз.

Бұл зиратта Алаштың елеулі тұлғасы Қошке Кемеңгерұлының перзенті Нарманбет ақсақал мен жұбайы Хафиза апамыз (Қапса) жерленген. Қазақы ұғыммен айтқанда, ғұмырының негізгі бөлігін Ресей Федерациясы Омбы облысы Шарбақкөл ауданының Жанан (немесе Ортақшыл) ауылында өткізген осы ерлі-зайыпты асыл жандарға топырақ Көкше жерінен бұйырышты.

Қошке әулетімен бізді байланыстыратын жағдаят аз емес. Ғылымға алғаш ізденуші болып кіріскенімізде, ғылыми жолымызға Омбы ерекше серпін беріпті. Бүгінге дейін санамызда Омбы десе, Қошке әулеті, Қ.Кемеңгерұлы десе, Омбы жері, архиві, т.б. жаңғырады. Бұл – бір деңіз. Екінші, жеке мұрағатым мен отбасылық қорымда Нарманбет ағамның түрлі жағдайда анық, әдемі қолтаңбасымен жазған өлеңдері және Қапса апам «Тоқсаннан асқан Бәтима анамның жасын берсін!» деп ықыласпен ұсынған тәбәрік – көк қыжым материал бар. Үшінші, Нарағаң – немерелерін ерекше еміреніп тәрбиелеген қамқор ата. Сәтін салып, Қайырбек Ризабекұлы Кемеңгер біздің жолымызбен жүріп, ҚазПИ бітірді және жетекшілігімізбен кандидаттық диссертация қорғады. Тіпті қазір екеуміз бір білім ошағында қызмет етеміз. Төртінші, Қ.Кемеңгерұлы – әманда ғылыми нысанамыз. Мұны Сәуле Қошкеқызының Нұрания және Қамария атты қыздары қатырып айтқан: «Короче, мы –

ваша научная тема» (мен жоқта кешқұрым Астанадағы пәтеріміздің есігін қақпай ма, үйдегі келіні оларды жыға танымай, іш жақтан «кімсіздер?» деп сұрағанда, айтқандары ғой...).

Сонымен, мен Нарағанды қашан таныдым?

1990 жылы 1 тамызда Қазақстан Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына қызметке тұрдым. Абай атындағы ҚазПИ түлегімін. Кешегі ұстазым, ендігі жетекшім – институт директоры, академик Серік Қирабаев. Әдебиет ақтандақтарын қалпына келтірудің зор үдерісі басталған шақ. Секең – соның бас үйлестірушісі. «Қаржы-қаражат тауып беремін, Мәскеу, Петербор, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Ташкент барыңдар, мұрамызды табыңдар!» – деп батасын беріп отыр. Біз тәуекел деп бастадық...

Сол кездегі газет-журналдармен жақсы байланыстамыз. Әзірше Алаш зиялылары мұрасын Алматы архивтерінен де тауып, бұрқыратып жариялап жатырмыз.

Бірде «Социалистік Қазақстан» (әлі «Егемен» болмаған) газеті редакциясында отырғанда Әмірхан Меңдеке бастаған азаматтар Омбы қазағы туралы дерек айтып жатты. Осы жерде Сібір өңірінде Қошке Кеменгерұлының баласы тұратынын естідім. Және «Нарманбет» деген есімі жадымда сақталып қалды (Н.Орманбетұлымен ұқсас болған соң, оның мұрасы бір курстасымызға ғылыми тақырып ретінде берілген еді...).

1991 жылы күзде бүгінгі танымал алаштанушы, Ә.Н.Бөкейхан көптомдығын халыққа жинақтап, жүйелеп ұсынушы Сұлтанхан Аққұлыұлы Жүсіп екеуіміз Омбыға бардық.

Облыстық архивте таңнан кешке дейін жұмыс істейміз. Бәрі қолайлы болсын деп арзандау қонақүйді жақын жерден сайлағанбыз. Сұлтекеңнің «Ауған соғысына қатысушы» деген куәлігінің арқасында ішім-жемді де кезексіз алып, бөлмеде тамақ дайындаймыз. Түскі ас – архив буфетінен... Ақшамыз аз да емес, көп те емес. Көшірме жасату, микрофильмге түсіру – әжептеуір қаржы. «Төңкеріске дейінгі» деген тариф те аз емес. Сенбі-жексенбіде боспыз. Қала аралаймыз, Сұлтекеңнің кеңесімен Сібір аруларын бағалаймыз. Көшеде, мекемеде қазақ көрсек, шүйіркелесе кетеміз...

Сөйтіп жүріп, Сәуле Қошкеқызы Кеменгерованың үй-жайын таптық. Омбының сол жағалауы. «Авиационная» көшесі, 95-үй. Автобус аялдамасынан біраз жер жүресіз. Қаз-қаз тізілген қарапайым үйлер. Көшенің әр тұсынан қазақтар шыға келіп, «бұл жаққа біз де бөтен емеспіз» дейтіндей...

Сәуле апайымыз – ашық, ақкөңіл, мейірімді жан екен. «Ештеңені білмеймін, қонақүй дегенді қойыңдар, менің үйіме жатасыңдар!» – деп кесіп айтты. Сұлтанхан – қала баласы, мен – ауыл баласымын. Бұл ұсынысқа біртүрлі қысыламын. Былай шыға ақылдасамыз. Сұлтекең:

«Онда тұрған не бар, келісейік», – дейді. Келістік. Апаймыз қатты қуанды. Сол жерде он күндей тұрдық. Таңда шай береді, кешке ыстық тамақ даярлап қояды. Арасында: «Архивте әкем туралы дерек кездесті ме?..» – деп сұрайды.

Бір сенбіде көлік тауып, Омбыдан 90 шақырым жердегі Ортақшыл-Жанан ауылына ағасы Нарманбеттің үйіне апарды.

Нар-аға мен Қапса апамыз бізді құшақ жая қарсы алды. Бірден байқалды: айрандай ұйыған отбасы, әулет екен. Біз педагогика институтын бітіргенбіз. Осы саланың алтын заңында үш ұрпақ (ата-әже, әке-шеше, немерелер) бір шаңырақ астында тұрса, бұл уызға жару, тәрбие сабақтастығы, береке бастауы саналады. Нарманбет аға отбасынан осыны көрдік. Бәрі келісім, бәрі үйлесім. Ерлі-зайыпты Ризабек Нарманбетұлы мен Күләш Ескендірқызы да әулет басшысын қас-қабағынан түсінеді. Немерелері (сол кезде бәрі дерлік мектеп оқушысы) ата-әжесінің саясында құлындай құлдырандайды...

Күні-түні қаншама әңгіме ағытылды. Нешеме сыр айтылды. Біз сонын біразын қағазға, біразын миымызға жазып алуға тырыстық.

Көз алдымызда сәт сайын Нарманбет Қошкеұлының тұлғасы биіктей берді, биіктей берді.

Сол кезде-ақ түйгенімізді жинақтап көрейін.

Біріншіден, бұл кісіні уақыт та, заман да шыңдаған. Бәріне ақылмен, парасатпен қарайды екен.

Екіншіден, ұстаз деген ұлағатты кәсіпті жан-тәнімен меңгерген. Сөзі нақты, пікірі нанымды, ұсынысы айқын, тұжырымы келелі. Өзгені тыңдай да біледі, өзін тыңдата да біледі.

Үшіншіден, мұғалімдіктің ғана ауданында қалмаған. Көп ізденген, көп тоқыған. Қазақстандағы мәдени-рухани оқиғалардан хабардар. Ептеп ақындығын да аңғартып отырды.

Төртіншіден, жат жұрт арасы болған соң дәстүр қауіпсіздігіне қатты алаңдайды екен.

Бесіншіден, жоғарыда айтқандай, айналаға үлгі болу үшін бәрін өзінен, отбасынан бастаған (немерелерін төтеше жазуға да баулыған, отбасы оркестрін құруға тілеуқор болған).

Алтыншыдан, жұбайын (Қапса апамызды) керемет құрметтейтіні байқалды.

Жетіншіден, сол кезде-ақ туған өңірінде қоғам қайраткері деңгейінде көп жұмысты үйлестіріп жүрді (сырттай да естідік, өз көзімізбен де көрдік).

Ғылыми жұмысымыздың ауанын сезген соң келесі күні Любин ауданында тұратын, ескінің мол дерегін білетін Рахымжан Аронұлы Жусановқа алып барды. Ол кісінің бәйбішесі Кәукен (Гауһар) Бейсенқызы Қ.Кемеңгерұлына немере қарындас болып келеді екен. Бүгінде ғылыми айналымда жүрген Әлихан Бөкейхан мен Смағұл

Садуақасұлы суреттерінің негізгілері сол кісінің қолынан алынып, Омбыдағы арнайы фотостудияда көшірілгенін атап өткен ләзім...

Мұндай сәттілік бола ма, Омбы архивінен дерек үстінен дерек табыла берді. Сол жолы медицина институты қорындағы Қ.Кемеңгерұлының «жеке ісін» кезіктірдік. Іші толған Қошкенің өз қолымен жазған өтініштер. Бұл Нарағандар үшін кереметтей рухани қуат еді.

Сонда әлі тәжірибеміз аздау, қалайда Қ.Кемеңгерұлы перзенттері Нарманбет пен Сәулені қуантуды ойлап, архив заңдылығын «сәл бұзыңқырап», оригиналды бір түнге алып шығып, ұзағынан сүйіндіргеніміз бар. Осы кеште «Авиационная» көшесіндегі апайдың үйінде Алаштың қилы тағдырының ұшқыны – ағалы-қарындасты екі жан көзіне жас алып, әрі қуанып, әрі қайғырғанын ұмыта қойған жоқпыз...

Сібір қазағы этнографиясы әліппесін де алғаш Нараған үйінен көрдім. Оңтүстік халқы дастарқанға келгенде көбінесе биіктігі 30-40 см., төрт бұрышты үстелді айнала жайғасса, солтүстік пен Сібірдегі қандастарымыз сондай биіктіктегі дөңгелек үстелге алқакотан отырады екен. Мұнда орындық атаулыны (үлкен, кішкентай) «тақ» дейді. Асқа кірісерде әйел азаматтар үстел бетіне бауырсақ (тоқаш) төгеді. Бауырсақ малдың (қой) майына пісіріледі. Ал етке келсек, аста-төк. Оңтүстік халқы мұндай мол етпен 2-3 мәрте қонақ күтер еді. Бір қызығы, осындай шүйгін ет асаған адамның өзі шайда бауырсаққа сарымай жағып жейді. Айтқандайын, сыйлы қонағы үшін неше түрлі сүрді сақтайды...

Екінші бір таңғалған сурет – шоқ қайындар. Алыстан қарасаңыз да, жақыннан байқасаңыз да бұл табиғатты керемет бейнемен толықтырады. Мен үшін үшінші таңсық құбылыс қара топырақ болды. Бұл жауын-шашын кезінде тіпті қарақошқылданып кетеді екен (тас жол мен Ортақшыл ауылының арасында 8-9 шақырым қара жол еді, қазір түзелді, бұрын жаңбырда екі арада тек ауыр көлік қана жүретін).

Омбы тұрмысының тағы бір ерекше деталін Сұлтанхан досым аузынан тастамайды. Ол – құс түшек (матрас). Мұны осы мақалада аты жиі айтылатын Рахымжан ақсақалдың үйінде көрдік. Қонақ бөлмеге Сұлтекең екеумізге қатар төсек салыпты. Түшекке күмп етіп кіргенімізде, бір-бірімізді көрмей қалдық (мұндай түшектің бір түрін әжем де пайдаланушы еді).

Сібірдегі қандастардың бір инновациясы (сірә, орыс шеберлерінен алған) есімде қалыпты: қолжуғыштың астындағы педальды бассан, су шығып, қоя берсең, тоқтай қалатын...

Ақыры тұрмыс заттарын айттық, бір «олжа» еске түсті. Сол жылы ауылға (Шымкент) барсам, кәдімгі балта атаулы ұшты-күйлі жоғалған. Жұрт бұрын жарамсыз болып қалғанын дәнекерлеп, қайта айналымға қосқан. Бір күні кешқұрым Омбы ЦУМ-ына соқсам, балтаның басы (темірі) үйіліп тұр. Ауылымды ойлап, соның екеуін сатып алдым... Бір ағайынның аты Балта еді, мұнда да талай Балталарды көрдім... Сібір

балтасының сынбауын тез жарылатын қайынды, қарағайды «ермек етуінен» бе дедім (бізде көзі көп қарағаш пен бақатеректі жара алмай, кадалған жерінен, яки үстінен гүрзі балғамен ұрғаннан сынатын).

Ол шақта Сұлтанхан екеуміз институт (академия) үшін – Жүсіпбек пен Мағжан мұрасын, өзіміз үшін біріміз – Әлиханның, екіншіміз Смағұл мен Қошкенің еңбегін, дерегін жинап жүргенбіз.

Омбыдан Көкшетауға шығарда Сәуле апай киім шкафынан бір мауыты кәстөмді шығарып: «Өткенде Алматыдан әртістер келіп, қонакүй деп қиналғанда, үйіме түсіріп едім, солардан қалыпты. Әкемді зерттеп жүрсін. Кие ғой!» – деді. Мен азарда-безер: «Апай, қойыңыз, өнер адамдары тағы бір айналып келеді. Сақтап қойғаныңыз үшін риза болады!» – деп, қалдыруға әзер көндірдім. Ақкөңіл, пәк жүрек апай тағы да қоймай: «Мынау Ромин баламның сендерге беріп жіберген сыйы», – деп екі конверт ұстатты. Бізді осының алдында ғана қазіргі белгілі кәсіпкер, экс-депутат, ол шақта Омбы бизнесмені Р.Р.Мәдиновтің үйіне қонақ еткен-ді... Сонда Сұлтанхан досымды «біз ә дегеннен алғыс алмайық, бітірген ісімізге қарап рахмет алайық» – деп көндіріп, бұрыла бере бір тілім қағазға «Осы ақша – болашақ Қ.Кеменгерұлы кітабына немесе ескерткішіне қосқан біздің кішкене де болса үлесіміз», – деп жазып, теледидар үстіне қойып кеттік...

Бұл біздің тәрбиемізден туындаған қадам еді. Сөйте тұра қоңыр үйде орта дәулетпен күн кешіп жатқан зейнеткер Сәуле апайдың шексіз адамшылығына, қолындағы бармен бөлісуге даяр екендігіне риза болдық. «Әкесінен шиттей күнінде қалған Нарманбет, Зайра, Сәуле бәрі де осы қасиетпен есейген екен-ау» деп ой түйгенбіз сонда.

Бұдан кейін Қошке әулетін, Нарағаң әлеуетін Гүлнар Нарманбетқызы арқылы таныдық десек, қателеспеспіз.

Өзіміздің ҚазПИ-ді бітірген орыс тілі мен әдебиетінің маманы, Алматының партия-комсомол мектебінен өткен қайраткер Гүлекен бізді, жас ғалымдарды әпке ретінде жатсынбай бауырына тартты. Сірә, ол кісінің адресін Нарағаңнан алдық қой деймін.

Кезінде Нарағаңның анасы Гүлсім Жәмиқызы Қаныш, Мұхтар, Сәбит, Әлкей сынды алыптардың есігін қағып, түбі Алаштың оянатынын, ақталатынын дәлелдеп, өткірілігі арқасында Алматының қас ортасынан үй алған ғой. Осы үй Қошке әулетінің немесе Омбы қазағының астанадағы елшілік үйі (бәлкім, керуен-сарай) еді. Бұл қарашаңырақта осы күні Нарғаңның тағы бір дарқан көңіл, тамаша перзенті Қаршыға ханым тұрып жатыр...

90-жылдары ағамыз Алматыға түрлі жағдаймен келгенде, көбіне Ислам жездеміз бен Гүлнар әпкеміздің, Кеменгер әулетімен туыс Нұрмұхамбетұлы Зәйніш ақсақалдың, Құлмакқызы Күлнәрай апаның үйінде ұшырасып жүрдік. Расын айтсақ, қазақы кең дастарқанға Қошкеге қатысты ағайын-туыс шақырылып, мені Нарағаң «өзімнің бір баламдай» деп төрге отырғызатын. Ол кезде түбі омбылық біраз қарияның көзі тірі

кезі. Енді ойласам, «бәрі құлағында қалсын» деген ағамыздың ізгі ниеті екен ғой...

Адамның ықылас-пейілі бет-жүзінен, сәлемдесуінен, сөйлесуінен, тіпті күлкісінен көрініп тұрады. Ағамыз көптен көрмей амандасқанда ерекше бір құшақтап, иіскейтін. Біз жақта мұндай ғұрыпты бұрын байқамаппын. Бірақ бірте-бірте оның аса табиғи, шынайы екенін аңғаратын болдым. Нарекен сиректеу күлетін, алайда, ықыласпен күлетіні сезілетін.

Мұғалім – қай жерде де интеллегенция шамшырағы. Төртбак, иықты, жүріс-тұрысы Алматының 60-жылдардағы зиялыларын елестететін ағамыз ақ қырау шашын артқа қайырыңқырап, үнемі галстук тағып жүретін.

Нартай аға 1993 жылы Айгүл немересін қазақ астанасына оқуға әкелді. Қарындасымыз ЖенПИ-дің музыка факультетіне оқуға түсті. Артынша 1994 жылы Қайырбек мектеп бітіргенде, ол кісі екеуміз Алматыда кеңескеніміз жадымда. Қошкенің бұл ұрпағы жасынан шығармашылыққа талапты еді (өлең жазатын, домбыра тартып, ән салатын). Бірақ ақылдаса келе, КазГУ-ден гөрі қарт ҚазПИ-ді дұрыс көрдік. Ол кезде оқу орнымыз жаңғырып, тіпті атын АлМУ (Алматы мемлекеттік университеті) деп өзгертті-ау деймін. Бірақ бізге, Нарағаңа да, ҚазПИ атымен, затымен қымбат еді...

1994 жылдың қоңыр күзінен бастап Гүлнар Нарманбетқызы екеуміз «Қазақтың Қошкесі» атты деректі фильм жұмысына кірістік. Дүниенің бәрі тарының қауызына сыйып, тарылған кез. Халық бір үзім нанға зәру болып қалған уақыт. Оптимист Гүлекең ағайын-туыстың бәрін жиып, ортадан «қор» жинап, шет-шегі жоқ үлкен істі бастап кетті. Сценарий авторы – мен. Режиссері – өз саласының білгірі Баян Сұлтанова. Түсірушілер – солтүстік өңір ТВ журналистері, операторлары (Алматыдан апару мүмкін емес, себебі қаржы аз). Алғаш 17 қарашада Кереку ұштық. Мұнда Қошкенің (Қошмұхамбет) ағасы Құлмақтың (Құлмұхамбет) кенже баласы Орманбеттің үйі бар. Өзі Павлодар индустриалдық институтының доценті болған, сол шамада соқа басы Ақмолаға көшкен. Бұл үйдегі Гүлзан жеңгей өте бір нәзік, таза, шынайы жан болып шықты. Құтханасы кең: жатақхананың 7-8 бөлмесін қосып, кеңестік қауашаққа сыймайтын тұрғынжай жасаған.

Айтқандайын, Керекуде жездесінің (Нарағаң) келгеніне балдызы Мәдина Қадырқызы да бәйек боп жүрді (осы сапарда Қапса апамыздың Мәдина, Мағира, Орынтай атты сіңлілерін, Ерназар інісі мен Дариға келінін алғаш рет көріп, танысқам-да. Соңғылары ауылда тұрып жатты).

Мен солтүстіктің қысқа айналар күзімен сол жолы тұңғыш ұшырастым. Айнала көктайғақ. Ахметов Төлеген деген тікұшақтан құлап аман қалған батыр операторды алып, «Баянауыл, қайдасың?» деп тарттық. Одан әрі тағы біраз жүру керек. Сізге өтірік, бізге шын, көліктен

түссеніз, тайғанап құлайсыз. Жарға ұқсайтын тасжол жиегі (кювет) – қыл көпірдей. Жол арасы – 250 шақырым. Әйтеуір, «Москвич» шопыры өте тәжірибелі екен, ілдә-ілдалап жеттік. Қарағанды облысымен шектесетін «Южныйға» (Ж.Шанин атындағы шаруашылық) да, Сарытауға да, Қызылтауға да. Қасымызда, көлік ішінде байыпты, салмақты Нарағаң отырды.

Қазақ теңгесі енді шығып, қалада тауар атаулы ізім-ғайым жоқ болып кетсе де, ауыл берекесі үзіле қоймапты. Нарағаңды өз жұрты, қайын жұрты жақсылап күтті. Бейнетаспаға талай дүниені жазып алдық.

Қанша күн жата-жастана әңгімелестік. Сыр бөлістік. Шер тарқастық. Ондаған-жүздеген адамдармен жолықтық. Талай зиратқа бұрылып, әруақтарға Құран бағыштадық. Қаншама кісіден сұхбат алдық.

Гүлнар Нарманбетқызы екеуміз «Қазақтың Кошкесін» түсіруді екі бағытта жүргізуді ойластырдық. Бірінші бағыт: Павлодар – Баянауыл – Ақмола – Қызылжар – Омбы. Екінші бағыт: Ташкент – Алматы.

Бірінші бағытқа Нарағаң бастан-аяқ қатысты. Талай қызық, кейде тосын оқиғаларды бастан кешірдік. Мысалы, Қызылжарда болғанымызда Қошкенің 1924 жылы бала үстінде қайтқан бірінші жары Зураның туыстарын ұшырастырдық. Омбыға барғанда, баяғы біз тапқан мединституттағы «жеке ісінің» толық ксерокөшірмесін жасап алдық. Сондай-ақ қазіргі мемлекет және қоғам қайраткері М.А.Құл-Мұхаммед (ол кезде «Атамұра» басшысы) үшін бір жуан папка болатын, дереккөзін өзі көрсеткен Жакып Ақбайұлына қатысты архив материалдарының көшірмесін әкеліп бердік.

Омбыдағы жайлы ұшырасулардың бірінде Қайырбектің нағашысы, Ризабек ағамыздың қайын жұрты – бүгінде марқұм, сүйектері асыл Ескендір аға мен Ырысжан апай шырқаған «айдаудағы Ереймен болысы Олжабай Нұралыұлының мұнды жырын» естіп, қайран қалғанбыз (кейін шәкіртіміз Қ.Р.Кемеңгер осы тұлғаның шығармашылығынан кандидаттық диссертация корғады).

Бұл кезде Сәуле Қошкеқызы науқастан бақилық (1928-1993) болып кеткен-ді. Омбыда біз сол кісінің үйіне аялдадық. Апайдың үйінде Алматы облысы Ұзынағаш кентінде тұратын әпкесі Зайраның (1926-2011) перзенті Раушан Сұлтанбекқызы мен күйеу баласы Игілік Тұрсынов тұрып жатты.

Осы Игілік біз бұрын сирек ұшырастырған феномен еді. Өзі ұзақ жыл село мұғалімі болған, кейін қала мектебіне ауысқан, сөйте тұра архивтен шықпайтын жан екен (қазір Алматыда тұрады). Иекене байланысты кейінгі бірер оқиға есімнен кетпейді. Қазақстанда «Қожабергеннің текстологиясы» үлкен дау болып тұрған кез... Академик С.А.Қасқабасов, профессор Ж.О.Артықбаев, доцент С.Қосан «басылымдардағы Қожаберген атынан шығып жатқан материалдар мәтіні XVII-XVIII ғасырдікі емес» деп айтқан уақыт. Сол шақта Игілік



Әлмұханұлы Омбыға қатысты шағын бір анықтамалық шығарды да, басы дауда жүрген Қожаберген «Кадет корпусын бітірген» деп жазып жіберді. Әлі есімізде, осы дерекке марқұм Тұрсекең – Т.Кәкішұлы «міне, мынаны неге көрмейсіңдер?» деп сілтеме жасады. Біз де архивке әбден байланған Иекең бір дерек тапқанына сендік. Сөйткен И.Ә.Тұрсынов қазақ ғылымына басқа жағынан да олжа салды. 20-жылдары Ә.Бөкейхан тапсырмасымен Қазақ еліне келіп, қасына Қ.Кемеңгерұлын ертіп, Шәкәрім сынды зиялыларға жолығып, кейін Германияда «Дала және оның тұрғындары» атты кітап жазған Макс Кучинскийдің еңбегін табуға себепші болды. Тапқан - неміске тұрмысқа шыққан кітапханашы қарындасы Тамара Әлмұханқызы (яғни Қошке ұрпағының құдашасы).

«Қазақтың Қошкесі» фильмін түсіру жолында қайда барсақ та алдымыздан Нарағанның шәкірттері шығып отырды. Павлодарға барғанымызда облыстық мүлік жөніндегі агенттік филиалын басқаратын, кейін белгілі қоғам қайраткері Серікбай Әлібаев шықты. «Нартай мұғалім» деп құрақ ұшты. Қайда болсақ та немере туысы, ағайынды Бекімов Бақберген, Тәңірберген, Құдайберген хабарласып жүрді. Әсіресе, кезінде Ғ.Мүсіреповпен преферанс ойнаған Бәкеңнің ақ көңілін, ықыласын жиі аңғаратынбыз...

Айтқандайын, сол кезде бізді көбінесе кәсіпкер, Қошке жиені Ромин Ризаұлы Мәдиновтің өзі немесе көмекшілері кәдімгі «Жигули» көлігімен (маркасы – «99») тасыды.

Қызылжарға барғанда, Ортақшылдан шыққан әйгілі Балташ Тұрсынбаевтың әпкесінің үйіне түстік. Шынын айтайық, ерінен ерте қалған Шәрбан апамыз Қошкенің бел баласы бастап келген бізді құрақ ұшып қарсы алды. Жоғарыда мәлімдегеніміздей, бұл – елдің экономикалық тұрғыдан әбден тұралаған кезі-тін. Ағайынға септесуді ойлайтын Нарағаң сол күні біздің көзімізше Ромин жиеніне: «Осындағы жұмысыңды бітірген соң мына үйге екі қап ұн алып келіп таста!» – деп, тапсырма бергені есімде қалыпты. Қандай қамқор көңіл десеңізші?!

Осында Нартай аға: «Әкемнің дәрігер оқуының пайдасы сол - Тұрсынбайұлы Молдабайдың бас құйқасына шыққан қалың жараны емдом жасап жазған», – деп бұрынырақ айтқан дерегін тағы бір есімізге түсіріп еді. Кейін Молдекең соны әрдайым есіне алып жүріпті.

Біз солтүстік сапарында «академик Рахманқұл Бердібай қағидатын» мүлтіксіз орындауға тырыстық. Оның мәні – «барған жеріңде білім немесе мәдениет ошағына барып кездесу өткіз, жергілікті газетке мақала жазып қалдыр, телевидениесіне шығып, сұхбат бер». Осыны Павлодарда да, Қызылжарда, Акмолада да орындадық.

Айтпақшы, солтүстік сапарының тағы да бір сыры бар-тын. Ол – Алматыда баспанасы жоқ менің «осы жақтың бір қаласынан қоныс сайлауым керектігі» туралы идея еді. Петропавл ұнамады: маңдайшадағы «нан-хлеб»-тен басқасының бәрі орысқолды екен. Павлодар

ұнады, бірақ ректоры «түбім шымкенттік» екенін біліп, әп-сәтте «беретін баспанам жоқ» деп төтесінен қайырды (жұдайдың күдіреті, арада талай жыл өткенде сол кісінің перзенті алдыма келіп бір өтініш айтты, мен оны орындап бердім...). Ақмола да ұнады ... арада бір жарым жыл өткенде осы қалаға көшіп келіп тұрақтадым.

Бұрын Целиноград атанған, туған әпкем (Акерке Қамзабекқызы) 80-жылдары жанындағы Шортандыда 3 жыл «отработкадан» өткен қалаға келсек, қалың қар түсіпті. Мұнда бізді бала-шағасы Керекуде қалған Орманбет Құлмақұлы Дүйсебаев күтіп алды. Қызметі – Ақмола инженерлік-құрылыс институтының кафедра меңгерушісі. Бірінші қаланың ескі ғимараттарын бейнетаспаға түсіріп, адақтап шықтық. Содан Орекен бізді дедектетіп, бейіт жанындағы бес кабатты үйдегі әріптесі Амангелді Әбілдиновтің пәтеріне алып келді (кейін білсем, бұл ЦИСИ оқытушыларына берілген «Авдеева, 04» деген үй екен, қазір Шокан Уәлиханов көшесі). Бұрын өзі де осы үйдің бір пәтерінде тұрыпты... Алла-ай десенізші, дәл осы көне зиратқа арада 17 жыл өткенде Алаш тұлғасы Смағұл Сәдуақасұлы сүйегінің күлін Мәскеуден әкеліп, дәстүрге сай жерлейтінімізді және сол шамада мұндағы байырғы құлыптастың бірі Хан Кене сарбаздарына қойылған ескерткіш ретінде анықталатынын білмедік.

Тағы да бір қызықты айтпай кетпеуге болмас. Нарағанды осындағы бір ағайынының үйіне конуға қалдырып, Гүлнар апай екеуміз Орекеннің «жана» құтханасына барып тынығайын деп шештік. Ол – қаланың шетіндегі (ескі Қарағанды жолы) шағын отбасылық жатақхана екен. Аңғал-санғал. Бір қабатында кісі тұрса, бір қабаты бос. Бала болсақ, нағыз жасырынбақ ойнайтын жер. Пәтердің онда бір нұскасы жоқ. Бірақ оптимист Орекен былай-былай жасаймын деп, сәулетін ойша сызып, түсіндіріп жүр... Жаратқанның қисыны-ай десенізші, арада дәл 3 жыл өткенде ол «сызбаны» Орекен емес, мен (немесе Алматыдан көшіп келген ғалымдар) жүзеге асырып, сол жерді қолдан пәтер жасап, біраз жыл тұрақтап қалдық...

Нараған мен Гүлнар апайды (және бізді) сол жолы үйіне шақырып, Ақмола ахуалын таныстырғандардың бірі ерлі-зайыпты Қайырбай Ибраев пен Гүлбаршын Керейбаева еді. Оқытушы болып істейтін еті тірі Гүлекен – Қошқе ауылына келін.

1994 жылы Омбы сапарында тағы да мынандай қызық болды. Бір күні Игілік «сендермен Мұхамед қажы жолыққысы келеді» деді («сендері» - мен және қарға бойлы оператор Төлеген). Сөйткенше болмады, «Авиационная» көшесіндегі үйге қажекен бір көмекшісімен сау етіп кіріп келді. Үйде Нараған, Гүлнар апай, Игілік, Раушан – бәріміз отырғанбыз. Мұхамед Омбы өңірі ауылдарында мешіт құрылысын бастаған, бір жанары Құнанбайдың көзіндей, «шылдыр шүмек» саусағына білеудей сақина таққан 50-ден асқан жігіт ағасы екен. Өтініші

– «сөзімді Қазақстан телевидениесіне шығарыңдар!». Әп-сәтте мен сұрақ қойдым, пәкене Төлеген түсіре кетті. Сол күні алғаш көрген Мұхаң тым алысқа шапты. Тіпті планетарлық ой. Сібір өзендерін Қазақстанға бұрмақ. Бәрі келісіліп қойған, таяуда Көкшетау облысына әкім болып тағайындалмақ. Ауылды да, қаланы да гүлдендіруге қауқары жетеді... Біз көзімізді жұмып, аузымызды аштық. «Қайда тұрмыз? Кіммен тұрмыз?..» дегендей. Сөйтсек, бұл жарылқаудың бастамасы екен, сұхбат біте сала маған, Төлегенге, қасымыздағы тағы басқа жандарға 100 доллардан ұстатты. Құдай ақы, долларды бірінші рет көруім!..

Менің ғалым екенімді, кітап жазуға қатысым барын білген соң «екінші жобаға» кірісіп кетті: «Так, Дихан інім, кездескенің өте жақсы болды. Омбыдан қазақ типографиясын ашсам деймін. Бәрі дайын. Осында көшіп кел. Үй де әперем, жағдай да жасаймын...».

Жақсы қарсы алып, шырайлы қоштастық. «Шынында, бәлкім Омбыға келіп қалармын...» деген ой да мазалайды. Мұны Нарағаң оқта-текте, Гүлнар апай әрдайым айтып, бірде күліп, бірде жігерлендіріп қояды.

Осы Омбы сапарында марқұм Сәуле Қошкеқызының перзенттері Нұрания (жұбайы Балташ Шамшуәлиев) мен Қамария (жұбайы Төленді Үлжеков) үйінде қонақта болып, Нартай ағаның өткен-кеткенен хабар берген естелігін естідік. Қазақта «Ұқсамасаң тумағыр» деген сөз бар, екеуінің сөзінен, қимылынан, күлкісінен Сәуле апайды көргендей болдық.

Ресей – күрделі һәм күлбүлте ел. Кейде жарқын жерін көріп бас иесіз, кейде біраз нәрсесін байқап түңілесіз. Деректі фильмде «Қошке Омбыда атылған» деген мәліметті де барладық. Игілік екеуміз облыстық ФСБ (федералдық қауіпсіздік қызметі) мекемесіне барып, рұқсат сұрадық. Сөйтсек, бұл саланың заңы бойынша репрессияланған тұлғаның ұрпағынан рұқсат алу керек екен. Нарағаң оны жазды... Кешікпей ФСБ офицері Қ.Кемеңгерұлына қатысты бірнеше папканы әкелді. Бәріміз шұқшиып қарап отырмыз. Білгеніміз: Омбы маңындағы қазақ азаматтарын «Советке қарсы Тұрар Рысқұлов бастаған топқа қосылды» деп, жазғырған екен. Бір есімде қалғаны – «пәленбай дегеннің үйінің шатырынан пулемет, т.б. шықты» деген деректі көргенде, Нартай ағамыз «ол пәлен деген кісінің әкесі ғой, бейшараны момын деуші еді, осылай да қиыстыра берген екен ғой» деген эмоциясы.

«Азаматтар атылған» деген жерге бізді Ференц Надь деген түбі венгер өлкетанушы алып барып көрсетті. Бізге оны омбылық майдангер, ақын Сұлтан (бәрі «Солтан» деп сәл бұзыңқырап айтып, жазады екен) Есенболов таныстырды-ау деймін...

Соғыс ардагерінің кеңесі дегенде, жадымызда Көкшетау мен Омбы арасында туып жетілген, өзі қайраткер Смағұл Сәдуақасұлына ағайын болып келетін алматылық марқұм Сансызбайұлы Нұрым ағамыз есімізге түседі. Өзінің Қошке әулетімен жекжаттығы да бар (Рахымжан Жусанов

пен Бакбергенов Бекімов жағынан). Кезінде Госпланда жауапты қызмет атқарған, «Қазақстанның еңбек сіңірген экономисі» атағы бар осы сергек ақсақал фильмнің іргетасында да, Омбыдан қайтқан соң да біраз ақыл қосқаны бар...

Фильм барысында елеулі тағы екі-үш сәт бізге ерекше әсер берді. Мысалы, омбылық қазақ суретшісі Амангелді Шәкенов. Өзі Омбы мемлекеттік педагогика университетінде көркемсурет профессоры. Нараған сол кісінің шеберханасына апарды. Байыпты, салиқалы азамат екен. Қошкенің тамаша портретін салыпты. Кейін Нарағанның да суретін бейнелегенін көрдім.

Сонан кейінгі дерек 60-жылдарға дейін Омбыда қызмет еткен «казпедучилище» туралы. Жаңылыспасам, осындай оқу орны Сарытауда (Саратов) да болған. Жергілікті халықтың білім сұранымын қанағаттандыруға бағытталған. Нараған да, Зайра апай да, көрнекті тілші-профессор Сейілбек Исаев та бастапқыда осы оқу орнын тамамдаған.

Бұдан соң Шоқан оқыған Кадет корпусы мен Ертістің сол жағалауындағы «қазақ ауылдарының жұрты». Соңғысы туралы зиялылар мемуарында біраз дерек кездеседі.

Айтқандайын, осы жердегі бір көшеге Нарағандар Қ.Кемеңгерұлы атын береміз деп біраз күресті. Бірақ алдынан «әр тұрғынның рұқсаты керек» деген ресейлік орайсыз ономастика шарты шыға берді...

Кешікпей Алматыға келдік. Ғалым болғаным қандай жақсы?! Бұл кәсіп сабырлыққа үйретеді. Арада жарты, бір жылда Мұхаммед қажы «әкім» бола қойған жоқ. Сібір өзендері де өз орнында қалды... 1996 жылдың көктемінде-ау деймін, қажекенмен Гүлнар апайдың үйінде ұшырастық. Бұл жолы көп уәде бермеді. Бірақ «Нива» көлігімен үйіме дейін әкеліп тастап, Құран сыйлады. «Рахмет!» деп маңдайыма басып, қабыл алдым... Осылай «Омбыға көшіп бару» ойы өзінен-өзі жылыстай берді. Кейін шын-өтірігін бір Алла біледі, «Мұхаммед қажыны құқық орындары іздестіріп жүр» деген әңгіме шықты (Құдайдың құдыреті, 2004 жылы Еуразия университетіне түбі омбылық Зиябек Қабылдинов Павлодардан ауысып келгенде, осы қажы туралы оның да біраз әпсанасы бар екенін аңғардым. Жолыққанда, соны еске түсіріп, күліп алатынбыз).

1995 жылы сәуірде Қошке фильмінің камымен Ташкентке аттандық. Бұл жолы операторды, режиссерді Алматыдан алдық. Шымкентке пойызбен шықтық. Нараған да бармақ еді, не сәл науқастанды, не фильмді көпке созбау керек болды. Бізді Шымкентте бүгінде марқұм інім Ерхан Қамзабекұлы күтіп алып, бойдақ болса да үйінде қонақ етті (полиция қызметкері еді). Ташкентке таксимен бардық. Ол кезде шекара өте қолайлы-тын. Барған күні тобымызбен Бакбергенов Бекімов ағамыздың өзбек досының үйіне түстік. Ертесіне Гүлнар апайдың Сәруар атты омбылық жақын сіңлісінің үйіне ауыстық. Күйеуінің ныспысы – Әбуәли Қасымбеков, түбі – сарыағаштық және вагон жөндеу

зауытында жауапты қызмет істейтін көрінеді. Олар өзбек астанасының «Сіргелі» мөлтек ауданында тұратын. Қонақжай адамдар болып шықты. Ерлан есімді перзенті скрипкада ойнайды екен (мен кейін осы бала туралы шағын мақала жаздым). Тағы есімізде қалғаны: қазақтың төл этнонимін (Сіргелі) өзбектер «сырғалы», кәрістер «Сергей Ли» деп тұлғақайын шығарып тарқататынын естіп, ашуланғанбыз...

Ташкентте Қошке қызмет еткен оқу ордаларын, газет орнын, архивтердегі деректерді түсіріп алдық. Нараған аманат еткен «Қошкенің үйін табу тапсырмасын» орындай алмадық. Ол үшін талай мұрағатты ақтару керек-ті. Бір есте болар жайт: Қ.Кемеңгерұлының екі перзенті осы қалада туған және оның өзі сатып алған жеке үйі де болған. Бүгінде ойлаймын: «Нартай аға туған қаласына естияр шағында барды ма екен?» деп. Өйткені, қызы Қаршыға Ташкентке таяу Келестің жігітіне тұрмысқа шыққан ғой... Қайырбектен сұрасам, ол: «Өкінішке қарай, бара алмай кетті...», – дейді.

Бірде әл-Фараби атындағы ҚазГУ Қошке әулетімен кездесу өткізді. Журналистика факультетінде. Нарманбет аға, Гүлнар және Қаршыға апайлар, мен, Қайырбек, Айгүл, т.б. қатыстық. Жақсы сұрақ қойылып, тұшымды жауап қайтарылды. Нараған студенттерге әсер ететін тамаша естелік айтты. Кештің барысында сол журфактың даңқын көтерген профессор Темірбек Қожекеев ағамызға рахметін жеткізіп, саңқылдаған даусымен Қошке мұрасынан мысал келтіре сөзін сабақтап отырды. Сол жерде тұрқы биік жазушы, «Санат» баспасының директоры Серік Әбдірайымұлы да болды. Біз бір тілім қағазға «Қошкенің қазақша-орысша сөздігін шығаруға көмектессеңіз!» деп жазып, ол кісіге тапсырып кеттік...

Алаш тұлғасы туралы фильмнің бір тұсында Қошке әулетіне әнші-композитор Шәміл Әбілтай мен радиожурналист Оңғар Құралов атсалыса бастады. Шәкең – аса эмоционалды адам, қайраткердің бала-шағасына өлеңмен жазған хатына ән шығарып, деректі фильмді әрледі. Оңғар – ҚазПИ-ді бізден кейін бітірген жас талап. «Қаламгер» атты радиобағдарламаға Қ.Кемеңгерұлы және оның ұрпағы туралы материал шығарды. Осы екеуінің де «спонсор іздеу» хикаясы 90-жылдардың шындығын танытады...

Нараған Алматыға келген бір сапарында Гүлнар Міржақыпқызымен жолыққанын, сыр бөліскенін, кітабын сыйлағанын айтқаны бар. 2002 жылы Алматыға барғанымда, Гүлнар Нарманбетқызы Г.М.Дулатовамен қоса Зайра апайды, мені, Бауыржан Омарұлын, Орынай Жұбаеваны, тағы басқаларды Төле би - Гагарин көшелері қиылысындағы үйіне қонаққа шақырды. Тамаша кеш болды. Жақсы әңгімелестік. Суретке де түстік.

Осы кезде танымал журналист, су жаңа филология ғылымдарының докторы Б.Омарұлы «Хабар-2»-дегі «Көзкөрген» айдарымен

Қ.Кемеңгерұлы туралы танымдық-деректі фильм әзірлеп, көрерменге ұсынғанын айта кеткен орынды.

Жалпы Гүлнар Нарманбетқызы ұлттың ортақ перзенті Қ.Кемеңгерұлын тану мен танытуға көп күш жұмсады. Бұл, әрине, арғы жақтағы әжесі Гүлсімнің тәрбиесінен бастау алса керек. Күйеуі Тоғжанов Ислам (техника ғылымдарының кандидаты, іскер азамат) ағамыз да жарының алаштану шарасын толық қолдап, қуаттап отырды. Ең бастысы, Гүлекең әр қадамын әкесімен кеңесіп, ақылдасатын. Санаулы жылда Г.Н.Кемеңгерова Алматыдағы Алаштың дәнекер тұлғасына айналды.

Алғашқы Омбы сапарынан кейін біз Қошке Кемеңгерұлын түрлі форматта ғылым нысанасы ету қамын ойладық. Мұны Нараған да мықтап аманаттап еді. Мысалы, оның өмірі мен мұрасын кандидаттық тақырып етіп өзімізден кейін ҚазПИ-ді бітірген, Желтоқсан көтерілісіне қатысушы Гүлжаһан Ордаға бердік. Ол кейін оқырманға танымдық кітап та ұсынды. Тағы бір ҚазПИ-дің түлегі Ілияс Құрманғали біздің кеңесімізбен Қошкеден дипломдық жұмыс қорғады (1993). Ақмолаға келген соң осындағы шәкіртіміз Боташ Әлжан осы тақырыпта диплом жазды (1997).

Қошкетануда тілші-ғалымдардың ішінде ғылым докторы, профессор Орынай Жұбаеваның еңбегі зор. Ол бұрын белгісіз болып келген қайраткердің талай мұрасын ғылыми айналымға түсірді.

Ерлі-зайыпты ғылым кандидаттары Қайырбек Кемеңгер мен Айжан Шормақ (ол 2010 жылы ҚазПИ-де Қ.Кемеңгерұлының әдістемелік мұрасынан диссертация қорғады) өз аталарын ұлт атасы, ағартушылық пен көркемөнер тұлғасы ретінде жан-жақты зерттеуі де ақылға сыйымды.

Біздің Қошке әулетімен туыстық байланысымыз арта түсті. Нартай аға Алматыдағы бір бөлмелік пәтерімде (ағамның үйі) – бір, Ақмола-Астанадағы пәтерімде екі-үш мәрте қонақ болды. Ылғи немерелерін алып келетін. Әрбірінің жетістігін айтып, қуанып отыратын. Қапса апаның сарымайдай сақтаған сәлем-сауқатын жеткізетін.

Ақмолаға көшкен жылы шілдеде Омбыда, Шарбақкөл-Томарда Қ.Кемеңгерұлының 100 жылдығы елеулі деңгейде аталып өтті. Бұған Алматы, Ақмоладан бір топ ақын-жазушы, ғалым бардық. Омбы кітапханасындағы конференциясын президенттікке кезінде Б.Н.Ельцинмен бәсекелесіп, артынан «самоотвод» берген, кейін РФ бас прокуроры болған қайраткер, заң ғылымдарының докторы, профессор, сол кездегі Омбының вице-губернаторы Алексей Казанник ашты.

Ауылда өткен мәдени-танымдық жиынның да ұйымдастырылуы, деңгейі өте жоғары болды. Осының бәрі Нарманбет Қошкеұлының ағайын арасындағы, шәкірттері алдындағы зор беделінің арқасы еді.

Бір шара сондағы «Томар» мектебінде өтті. Ағамыз талай жыл қызмет еткен білім ошағына енгенде, еңсесі көтеріліп, шабыттанып кетті. Дәл осындай жағдайды Баянауылдағы Қ.Кемеңгерұлы атындағы мектепте де

байқағанбыз. Өзіміз де ауылдан шыққанбыз. Сондықтан ел баласының, мұғалімнің психологиясын, әсіресе, тазалығы мен аңғалдығы үйлескен қасиетін жақсы білеміз. Әй, сонда Нарағаң бір көсіліп сөйледі дейсің...

Тоқтаңыз-тоқтаңыз, Томар мектебі дегенде екі кісі есіме түсіп тұрғаны. Бірі – Тәпек молда (шын аты-жөні Ғиндолла Қабиболлаұлы, түбі – ереймендік), екіншісі – осы мектепті ұзақ басқарған Исахан Оспанұлы (майдангер, оның да әкесі репрессияланған).

Мектепке енер тұста бір қауым жұрттың арасынан жасыл шапанды, түймелері Ленин мен Сталин бейнеленген теңгерлерден жасалынған Тәпек ақсақал шыға келіп (шағындау денелі-тін): «Диханбысың?!» дегені. Нарағаң «соның өзі» деп қояды... 90-жылдардың басында келгенде ағамыз осы кісімен таныстырған. «Әрі молда, әрі бақсы» деп. Омбы қазағында «бақсы» сөзі әлі таза күйінде қалған екен («емші» дегендей). Сонда «мына кісі Сібір аймағы болған соң аман қалып тұр-ау» деп ойланғанбыз. Бұрын да, кейін де аңғарғанымыз: Тәпек өңір дерегін көп біледі. Анау игі жақсы бағаланған заман тұрса, қуғындалудың азабын көрмесе, мектебі бар білікті діндар болар ма еді, кім білсін?..

Нартай аға Исахан мұғалімді (директор) аузынан тастамайтын. Сөйтсек, әрі тағдырлас, әрі құдайы көрші екен ғой... Кейпі, өзін-өзі ұстауы «нағыз ұстаз» дегенге келетін.

Шара барысында көппен бірге осы аймаққа белгілі іскер азамат Мұрат Сәрсенбаев та аянбай қызмет етті (Ризабек Нарманбетұлымен түйдей құрдас, сыныптас бұл азамат Қ.Кеменгерұлын, басқа да ел үшін құрбан болғандарды танытуға көп күш-қайрат жұмсап жүр...).

Мерейтойдан соң түнгі тынығар мезетте ол кісі алыстан келген қонақтарды әр үйге бөліпті. Сол жолы әйгілі Жәнібек, Қайрат Кәрібжановтардың қарапайымдау қарашаңырағында қонып шықтық (ол үйде басқа отбасы тұрып жатты)...

Қошке әулетінің тайлы-таяғы қалмай Қазақстанға қоныс аударуы да Нартай ағаның көрегендігі деп білемін.

Ұмытпасам, 1999 жылы шеттен келген қандастардың оқыған-тоқыған бөлігіне мемлекет Астанадан үй алуына қаражат бөлді. Әрине, бұл қаржыға ол кезде бір бөлмелі үй ғана алуға болатын. «Пәтер сертификатын» тапсыру елордадағы Жастар сарайында өтті. Тізімнен «Нарманбет Кеменгеров» дегенді естігінде ағамыз сондай шаттыққа бөленді. Кейін қаражат көлемін білгенде «енді қалайда үй алуға қам жасауымыз керек» деп айтқаны есімізде қалыпты.

Не керек, Нарағаңның беделі арқасында шағындау қаражат ептеп толығып, Бөгенбай даңғылынан ескі де болса қайырлы үш бөлмелі құтхана алуға жетті. Сөйтіп, Астанаға Қошке әулетінің қазығы қағылды.

Кешікпей Ризабек аға мен Күләш (Боташ) жеңгей Көкшетауға көшіп келіп, Нарағаң мен Қапса апамызға жайлы жер үй сатып алды. Бұл кезде Еуразия университетінде екі жыл тағылымдамадан өткен Қайырбек

Көкшетаудағы Ш.Уәлиханов университетіне оқытушы болып орналасқан еді. Үйлі-баранды Айгүл де сол қалада әжептәуір қызмет істеп жүрді. Кешікпей ақын, ғалым немересі де үйленіп, мемлекет қамқорлығымен пәтер алды. Осы қуаныштардың ортасында әулет иелері «тәуба!» деп, жақсылық-қызықпен өмір кешіп жатты деп ойлаймын.

Көкшетауға Қайырбек пен Айжан шаңырақ көтерген тойға барғанымызда, Нараған жас жұбайлардың ғана емес, елдің рухын көтеретін терең мағыналы сөздер айтқаны жадымызда.

Елдікке қатысты ағамыздың бір әңгімесін ұмытпаймын. 1998-1999 жылдардың бірі. Екібастұздан Ерназар қайнысын ертіп үйге келе қалды. Ерекең – еңбекқор, ақкөңіл жігіт ағасы. Білім жүйесіне қатысты бір көмек сұрайды және ол тез біте қалса екен дейді. Өзінің негізгі мамандығы – дәнекерлеуші (сварщик). Ептеп қызу. Қайта-қайта «Дихан, осыны сварить етіп жіберші!» – дейді. Мен «айттыңыз ғой, құдай қаласа» деймін. Ерекең «сваркілеуді» қайталай береді. Қызды-қыздымен бұл кісі «оңтүстіктің қулары... шымкенттіктерді байқа!» деп, мені ұмытып, аңғалдау әңгіме айта бастады... Сонда Нарекең қатқылдау даусымен: «Әй, Ерназар, сенің денің сау ма? Шымкент деп отырғаныңның бірі – мынау Дихан. Бұдан не жамандық көрдің? Қой, көне, есіңді жи!» дегенде, ана кісі шынында да селт етіп, жөніне келді...

Біз Қошке әулетімен кездесе қалғанда осы әңгімені және Орекеңнің басынан кешкендерін айтып, бір емен-жарқын күлісіп алатынбыз.

Алаштың біраз ұрпағына аталарын ақтау, кітабын шығару оңайлықпен келмеді. Мысалы, Гүлнар Міржақыпқызы Дулатоваға және басқаларға. Біз Қошке ұрпағының да осындай бейнетін көрдік. 1994 жылы түсірілімі басталған деректі фильмді 1995 жылы жарияланған шағындау жинағын (Р.Рүстембекова құрастырған) тірнектеп өз қаржыларына шығарды. Мен құрастырған «Таңдамалысы» 1996 жылы «Қазақстан» баспасынан мемлекет қаржысына шықты. Басуға ықылас танытқан марқұм батыл қаламгер, сол кездегі баспа директоры Нұрмахан Оразбекке, баспагер Мұхтар Қазыбекке тәңір жарылқасын айтамын!

2005 жылы Нараған мен біз бірлесіп даярлаған Қ.Кемеңгерұлының «Қазақша-орысша тілмашы» Тіл комитетінің (төрағасы Б.Омарұлы) қолдауымен жеке кітап болып шықты. Бұл кітап еліміздің тіл саласы мамандарына кең көлемде тарады.

Кейін (2005-2006, 2013) сәтін салып, көп томдығы елшіл жазушы Дидахмет Әшімханұлының ыждағатымен «Алаш», «Ел-шежіре» баспасынан дүркін-дүркін жарық көрді. Біз осы жылдары Алаш зиялары мұрасын мемлекеттік жоспарға енгізу бойынша Мәдениет және ақпарат министрлігімен, Тіл комитетімен тиянақты кеңескен едік (өкінішке қарай, 5 томдық 3 томдыққа қысқарды...). Нартай ағаның құнттауы арқасында бізге жеткен «Омбының Алаш дәптерін» (қолжазба кәдімгі қалың дәптерге жазылған) «Жазушы» баспасы 2013 жылы басып



шығарды (ақын, баспа директоры Есенғали Раушан «жоспардағы осы кітапты өзім қалап алдым» деп еді).

Қазір «авторлық құқық» деген жиі айтылады. Күрделі жылдардың «толқынында» осы мәселенің талай қызығын көрдік. Мысалы, «Өлке» баспасы бізден бірауыз да рұқсат сұрамай, 1996 жылғы «Таңдамалысын» көшіріп басты. Дәл осындай әрекетті Павлодар университеті де жасады. Сонымен қоса олар «Қазақша-орысша тілмашты» да бірінші басылымына сілтеме жасамай басты. Біз, әрине, «халыққа жете берсін» деп үндемедік... Сөйтіп жүргенде «Жазушы» баспасы «Омбының Алаш дәптерін» менің «авторлығыммен» шығарып, ұятқа қала жаздады (біреу маманның шалалығынан «құрастырған» дегенді көрсетпей). Баспаның жауапты қызметкері «басым кетеді» деген соң қалған данасын дұрыс шығаруға мәжбүрледім (қазір кітапханаларда екі нұскасы да жүр...).

1999 жылы Астананың Сарыарқа ауданы бұрынғы «Лесозаводская» көшесінің атын Қошке Кемеңгерұлына берді. Қолдаушысы, үйлестірушісі – аудан әкімінің орынбасары Оразгүл Асанғазы. Мәслихат шешімі шыққан соң, атаулы көшеде бірқатар мәдени шара өтті. Нараған осының бас-аяғында жүріп, аталы сөз айтты. Қошке көшесін жариялау шарасына белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов та қатысты.

Елдік істен соң Нараған мектепке ат беру туралы хатын қала басшылығына тастап кетті. Біз, әрине, ол кісінің осындағы елшісіміз әрі көмекшісіміз. Сөйтіп, Қошке атын алған көшеге таяу №49 мектеп-лицейді даярлай бастадық. Обалы не керек, содан бергі ол лицейді басқарған директорлардың бәрі бұл идеяны қолдады. Бірақ ономастикалық мораторий істің бітуін шідерлей берді. Таяуда сен қозғалғанын естідік.

... 2006 жылы Павлодардағы С.Торайғырұлы атындағы университетте және Баянауыл ауданында Қ.Кемеңгерұлының 110 жылдығына арналған шаралар өтті. Астанадан, Алматыдан, Омбыдан, Көкшетаудан, Қарағандыдан бір топ зиялы қауым, қоғам қайраткерлері қатыстық. Арамызда ұстазын сыйлап, осы өңірде түрлі жауапты қызмет атқарған С.Әлібаев жүрді. Сонда Нарманбет ағамыздың жасы 79-да. Ауылдағылар да жақсы күтті, университеттегі конференция да сәтті өтті (шара шығынын Қошке әулеті көтерді). Бірақ бірде-бір басшы төбе көрсетпеді. Осы көрініске қам жеген ғалым Серік Нығметоллаұлы: «Бұл не деген бейқамдық! Көсемнің көзі тірі қарт баласы үлкен басын кішірейтіп келіп тұр. Облыс та, аудан да басқа жаққа көшіп кеткендей. Басшылары ұяттан кейін туғандай. Ау, көшелі ел шеттен мықтының ұрпағы келгенде тік тұрып қарсы алып, басшысы қабылдап, «Құрметті азамат» атағын бермей ме? Халыққа өнеге етпей ме? Қорыққан жалғыз-ақ адамы осы облысқа келмей жүр ме? Мәселе – Нарағанның жолында, қадірінде емес пе?!» – деген еді.

Нартай Қошкеұлының мінезі, қасиеті нардай еді. Қандай жағдайда біреуді ғайбаттағанын, жамандағанын көрген емеспіз. Бірақ әділетсіздікке біртүрлі күйінетін. Әлгі Баянауыл сапарында ешкімге қабақ шытқан жоқ.

Немересі Қайырбек Ризабекұлы 2006 жылы Еуразия ұлттық университетінде кандидаттық диссертация қорғағанда, Нарекен зор қуаныш үстінде жүрді. Ғалымдар ортасында салиқалы сөйледі, салмақты жүрді. Мәселе 20-жылдардың айтыс-тартыстарына келгенде де «әкелерімізді кұрттыңдар» деп біржақты кетпей, заман қайшылықтарын таразылап ой айтатын. Сол жолы ғылыми қорғауға көрнекті әдебиеттанушы, архивтанушы Тұрсынбек Кәкішұлы қатысты. Тұрсекен де Алаш ұрпағы Нарағаңның (екеуі түйдей кұрдас) қасиетін аңғарып, замандас қадірін көтеретіндей ой айтқан-ды.

... Қайырбек қорғағаннан соң ба, жоқ одан кейін бе, Нарағаңнан жағдайын сұрағанымда: «Өзім тәуірмін, бірақ Қапса апанның денсаулығы мәз болмай тұр», деген еді. Расында, онсыз да денесі шағындау ол кісі бір уыс болып баяулап қалған екен. Соған қарамай, жанары күлімдеп, біздің хал-ахуалымызды сұрап жатты.

Тағдырдың жазуымен 2008 жылы Қошке әулетіне қадірлі, берекелі, тындырымды, салиқалы келін, ана, әже бола білген Қапса Қадырқызы бақиға озды.

Қаралы хабарды естіген соң профессор Серік Негимов пен көмекшім Рүстем Әлқожаны алып, қабырғасы сөгіліп, жүрегіне ауыр шер байланған Нарманбет қартқа көңіл айту үшін Көкшеге аттандық. Расында, ағамыздың нар тұлғасы шөгіңкірепті. Құран үстінде де, әңгіме барысында да көзіне жас алып отырды...

Біз сонда немере-шөбере бар, Нарағаң бойын тіктейді, әлі талайларға нәрлі өлең шығарып, батасын береді деп ойлағанбыз. Олай болмады... Жұбайынан кейін тоғыз айға жетеғабыл уақыт өткізіп, күтпеген жерден дүние салды.

Абай дана әрі уайымдап, әрі жігерленгендей, біз де «Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырғанды» айтуға пейілдіміз. Артында ұстаздық ұлағатты ісі, ұрпақ тәрбиелеудегі өнегесі, аруақтың артын күткен, жоғын жоқтаған мағыналы қайраткерлік жолы, әке аманатымен жалғасқан шығармашылығы қалды.

Екі дүниенің обал-сауабы, қадірі деген осы!..